

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына

2026 жылғы 3 маусымдағы
№ ДС-187

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жаппай көкпар спортына қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Үкімет көкпар спортындағы қауіпсіздік пен құқық бұзушылықты реттеу мақсатында тиісті шараларды іске асыруда. Көкпар спортының қағидасы бекітіліп қолданысқа енгізілді. Жаппай көкпар бойынша барлық талаптар қарастырылып, іс-шараларды өткізу тәртібі, қатысушылар саны мен жасы, төрешілерге, шабандоздарға, аттарға қойылатын талаптар заңнамалық түрде бекітілді.

«Қазақстан Республикасының жаппай көкпар федерациясы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігі ресми түрде аккредиттеуден өткізіліп, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңымен бекітілген.

Заңға сәйкес аккредиттелген ұлттық спорт федерацияларына қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, тиісті спорт түрі (түрлері) бойынша спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу міндеті жүктелді.

Бұған қоса, «Жаппай көкпар» ойыны ел аумағында ресми спорт түрі ретінде танылып, мемлекеттік спорт түрлерінің тізіліміне енгізілді.

Өңірлерде көкпар спортынан өткізілетін спорттық іс-шаралар әкімдіктердің рұқсатымен, спорт басқармалары мен аккредиттелген өңірлік федерациялармен келісіліп, бекітілген ережеге сәйкес және жергілікті медицина, ветеринария, полиция қызметкерлерін жұмылдыра отырып, жүзеге асырылады.

Өңірлерде көкпар мен жаппай көкпардан ұйымдастырылатын спорттық іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп, медициналық және ветеринарлық бақылау, сонымен қатар, қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жергілікті әкімдіктердің тарапынан қатаң бақылауға алынған.

Сонымен бірге, реттелген нормалар мен белгіленген ережелерге қарамастан, жаппай көкпар ойындарын бейресми өткізу мен ойын ережесін бұзушылық фактілері орын алуда.

Ағымдағы жылдың мамыр айында Ақмола облысы, Целиноград ауданына қарасты Р.Қошқарбаев ауылында жергілікті уәкілетті органдардың келісімінсіз, жергілікті халықтың жеке бастамасымен көкпардан оқу-жаттығу шарасы өткізіліп, 14 жастағы баланың өліміне әкеліп соқты.

Ақмола облысы әкімдігінің мәліметі бойынша, ұйымдастырушылар аталған спорттық іс-шараны жергілікті уәкілетті органдардың келісімінсіз «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» акционерлік қоғамының меншігіндегі жер учаскесінде өткізген.

Қазіргі уақытта аталған іске қатысты Ақмола облысының Полиция департаменті тексеріс жүргізуде. Тексеріс нәтижесі бойынша жауапты тұлғаларға тиісті шара қолданылатын болады. Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасына өңірдегі жаппай көкпар спортын қатаң бақылауға алу туралы тапсырма берілді.

Бүгінгі таңда «Жаппай көкпар» федерациясының аккредиттеу куәлігі Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру комитетінің 2026 жылғы 15 маусымда № 211 бұйрығымен 1 ай мерзімге тоқтатылды.

Сондай-ақ көкпар ұлттық спорт түрі бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, осыған дейін туындаған мәселелер шешімін тапқандығын хабарлаймыз.

Бұл бағыттағы жұмыстар әрі қарай жалғасатын болады.

Құрметпен,

А. Балаева